

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 7 маусымдағы N 156-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 14 тамыздағы N 223-ө  
Өкімі

"Қазақстан Республикасының делегациясын Санкт-Петербург қаласына (Ресей Федерациясы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 7 маусымдағы N 156-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен:

Нұртай Әбіқайұлы Әбіқаевты, Әнуар Ғалимоллаұлы Сәйденовты, Қайрат Нематұлы Келімбетовты, Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалинді, Жанар Сейдахметқызы Айтжанованы, Лашын Ерқараұлы Аймағамбетовті, Әлия Бақытқызы Айғаринаны қоспағанда, делегация мүшелеріне қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Мәскеу - Санкт-Петербург - Мәскеу - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша;

Жанар Сейдахметқызы Айтжановаға 2007 жылғы 8-11 маусым кезеңінде Санкт-Петербург және 2007 жылғы 11 маусымда Мәскеу қалаларында қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Мәскеу - Санкт-Петербург - Мәскеу - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша;

Лашын Ерқараұлы Аймағамбетовке және Әлия Бақытқызы Айғаринаға 2007 жылғы 6-11 маусым кезеңінде қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Санкт-Петербург - Мәскеу - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша шетелдік валютада қаражат бөлсін".

*Премьер-Министр*